

## **Аңдатпа**

Бұл дипломдық жобада банк үшін CRM-жүйесін дамыту жүзеге асырылды. Бұл жүйенің негізгі мақсаты борышкердің банкпен қарым-қатынасын басқару, несие беру туралы шарттарды орындау және одан әрі қарыз төлеуді бақылау болып табылады. Банк секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында пайдаланушы интерфейсі жасалынды. Интерфейс жаңа технологияларды пайдалана отырып әзірленген және бағдарламалық камтамасыз ету талаптарына сай келеді. Сонымен қатар, соңғы екі тарауда жобаның экономикалық тиімділігі және қауіпсіздік мәселелері қарастырылды.